

"Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 7-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 қазанда № 4581 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 қазандағы № 46-11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 14.10.2020 № 46-11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 4-тармағына сәйкес, Теректі аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отыраған:

1) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес "Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары;

2) осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес "Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігінің сипаттамасы бекітілсін.

2. Теректі аудандық мәслихаты аппаратының басшысы (В. Мустивко) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Ж. Уразалиева

Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін атқарушы

В. Мукашев

Теректі аудандық мәслихатының
2016 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 7-2 шешіміне
1-қосымша

"Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру Қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Теректі аудандық мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне қызметтік куәліктегін беру тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік куәлігі (бұдан әрі - Қызметтік куәлік) оның мемлекеттік лауазымы мен лауазымдық өкілеттіктерін растайтын құжат болып т а б ы л а д ы .

3. Қызметтік куәлік бекітілген сипаттамаға сәйкес келеді.

4. Тиісінше ресімделмеген, жарамдылық мерзімі өткен, түзетілген және тазартылған куәлік жарамсыз болып саналады.

2. Қызметтік куәлікті беру тәртібі

5. Қызметтік куәлік қолданыстағы заңнамаға сәйкес, осы лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды тұлғаның (басшының) қолы қойылып беріледі .

6. Қызметтік куәлік мемлекеттік қызметшілеріне лауазымға тағайындалған, лауазымы ауысқан, мерзімі өткен, жоғалған, сондай-ақ бүлінген жағдайда 2 жыл мерзіміне б е р і л е д і .

Мемлекеттік қызметшілер алған қызметтік куәлік үшін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік куәлікті беруді есепке алу журналына (бұдан әрі-есеп журналы) қол қояды.

7. Қызметтік куәліктер және есеп журналы аудандық мәслихат аппараты басшысының сейфінде сақталады.

8. Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған мемлекеттік қызметшіге қызметтік куәлікті тапсырған кезде оны пайдалану және сақтау тәртібі жөнінде түсіндіру жүргізіледі .

Осы Қағидалардың 6 - тармағында көзделген қызметтік куәлікті ауыстыру кезінде бұрын берілген қызметтік куәлікті аудандық мәслихат аппаратының басшысы қайтаратып алады .

9. Аудандық мәслихат аппараты басшысы жыл сайын, 1 қантардағы жағдай бойынша қызметтік куәліктердің есептік деректерге сәйкестігін салыстырып тексеру жүргізеді .

10. Қызметтік куәліктерді толтыру, ресімдеу, есепке алу, беру, сақтау және жою тәртібін жалпы бақылауды аудандық мәслихат аппараты басшысы жүзеге асырады .

11. Қызметтік куәлік жоғалған немесе бүлінген жағдайда, оның иесі дереу аудандық мәслихат аппараты басшысына жазбаша (еркін) нысанда хабарлайды, бұқаралық ақпарат құралдарына хабарландыру береді.

12. Қызметтік күелікті жоғалтудың, бұлдірудің, сондай-ақ оны басқа адамдарға берудің немесе мақсатқа сай пайдаланбаудың әрбір фактісі бойынша аудандық мәслихат аппараты басшысы қызметтік тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша кінәлілерді тәртіптік жаупкершілікке тарту туралы мәселесін қарайды.

13. Жоғалғанның орнына жаңа қызметтік күелік қызметтік тексеру жүргізілгеннен кейін, аудандық мәслихат аппаратымен беріледі.

14. Мемлекеттік қызметші жұмыстан босатылған кезде қызметтік күелікті аудандық мәслихат аппараты басшысына тапсырады.

Күелікті тапсырған кезде кету парағына қызметтік күелікті беруге жаупты адамың қолы қойылады.

15. Мемлекеттік қызметшілер жұмыстан босатылған не бүлінген кезде тапсырған қызметтік күеліктер еркін нысандағы жою туралы тиісті акт жасала отырып, бір жылда бір рет жойылуға жатады.

"Теректі аудандық мәслихатының аппараты"
мемлекеттік мекемесінің
қызметтік күелігін беру
Қағидаларына
қосымша

нысан

**"Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің
мемлекеттік қызметшілердің қызметтік күелікті беруді есепке алу
журналы**

№	Қызметтік күеліктің номірі	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Атқаратын лауазымы	Берілген күні	Алғаны жөніндегі жеке қолы	Қызметтік күелікті ауыстырғаны және тапсырғаны (тагайындалуы, лауазымының өзгеруі, мерзімінің өтуі, жұмыстан босатылуы, жоғалуы) туралы белгі	Қызметтік күелікті жою (актінің номері мен күні)	Ескертпе

Ескертпе: "Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік күелікті беруді есепке алу журналы тігіледі, номіренеді және аудандық мәслихат аппараты басшысының қолымен және аудандық мәслихат аппаратының мөрімен расталады.

Теректі аудандық мәслихатының
2016 жылғы 28 қыркүйектегі

"Теректі аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігінің сипаттамасы

1. Қызметтік куәліктің мұқабасы көлемі 19 x 6,5 сантиметр (ашып көрсетілген түрінде), күрең қызыл түсті экобылғарыдан немесе жоғары сапалы жасанды б ы л ғ а р ы д а н тұрағы .

2. Куәліктің сыртқы бетінің ортасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының алтын түсті бейнесі орналасқан, одан төмен типографиялық қаріппен "ТЕРЕКТІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ" мемлекеттік мекемесі деген жазу жазылған.

3. Куәліктің ішкі жағында ақ түс аясында шеңберде орналасқан күн мен қалықтаған қыранның жасырын формасын қолдана отырып көгілдір түсті қорғаныштық тангир бейнеленген. Жоғары бөлігінде "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ТЕРЕКТІ АУДАНЫ", "РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ТЕРЕКТИНСКИЙ РАЙОН" деген жазулар, одан төмен, мәтіннен қызыл түсті үзік жолақпен бөлектелген "ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ" деген жазулар орналастырылған .

4. Сол жағында: көлемі 2,5 x 3,5 сантиметр фотосурет (қарсы алдынан түсірілген, түрлі-түсті), осы лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды тұлғаның (басшының) қолымен және елтаңбалы мөрмен расталған қазақ тіліндегі мәтін - тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы.

5. Оң жағында: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі, елтаңбаның төменгі жағында көгілдір жасыл түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу және орыс тіліндегі мәтін - тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы. Төменгі жағында куәліктің жарамдылық мерзімі көрсетіледі.